



«Бекітемін»
№2 бөбекжай - бақша меңгерушісі
Ж.Т.Тойымбетова
2025 ж.

Консультациялық пункт жұмысының жұмыс жоспары

Уақыты	Тақырыбы	Ойын сауық	Жауаптылар
Қыркүйек	Консультациялық пункті іске қосуды ақпараттық сүйемелдеу: - Әлеуметтік - желілеріндегі жарияланымдар; - МДҰ сайтындағы ақпарат.	Кеңес	Меңгеруші: Тойымбетова.Ж.Т Әдіскер: Набикулова.Ф.Ж.
Қазан	«Баланы кітап қарауға, оқуға үйрету» «Балалардың музыкалық ырғағын дамыту»	Кеңес	Тәрбиеші: АшпиралиеваА.С. Музыка жетекшісі: Ортай.М.Н.
Қараша	«Баланың физикалық дамуы»	Жылжымалы папка	Дене шынықтыру жетекшісі: А.С. Мауленкулова
	Ойын арқылы баланың саусағын бұлшық еттерін дамыту	Кеңес	Логопед Райсова.Е.Е.
	«Тұмаумен қалай ауырмауға болады?»	Кеңес беру	Мейірбике: Арқабай.С.А.
Желтоқсан	«Массаж кілемшелері-бұл теңдесі жоқ рахат және балаларды қатайту құралы»	Іскерлік ойын	Дене шынықтыру жетекшісі: А.С. Мауленкулова
Қаңтар	«Балалардың музыкалық ырғағын дамыту» кеңес	Кеңес	Музыка жетекшісі: Оразбаева А.М.
	«Сурет салудың дәстүрлі емес формалары арқылы ұсақ моториканы дамыту»	Шебер-сынып	Психолог: Алимбекова.А.Б.
Наурыз	«Үйде қандай дамытушы ойындарын ойнауға болады?»	Кеңес	Тәрбиеші: А.К. Рыспаева
	«Мереке күндері және демалыс кезеңінде режимді сақтау»	Кеңес	Әдіскер: Набикулова Ф.Ж.
Сәуір	«Баланы мектепке қалай дайындау керек?»	Кеңес	Психолог: А.Б. Алимбекова
	Мектеп жасына дейінгі баланың дұрыс сөйлеуін қалыптастыруда ата-ананың рөлі	Кеңес	Логопед Е.Е. Раисова
	«Дені сау-бала»	Кеңес	К.С.Жарылкасынова
Мамыр			

Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы
Тараз қаласының білім бөлімінің «№2 «Айсұлу» бөбекжай-бақшасы»
МКҚК

Кеңес: «Ойын арқылы баланың саусақ бұлшықеттерін дамыту»

Логопед: Раисова Е.Е.

Ойын арқылы баланың саусақ бұлшықеттерін дамыту

Саусақ ойыны арқылы баланың сөйлеуге деген талпынысы, қабілеті дамып, ынтасы артады. Сөйлеу тілі мүшелері әрекетінің қозғауларының дамуы қол саусақтарының нәзік қимылдарының дамуымен тығыз байланыста болғандықтан, бала қолының ептілігін толық жетілдіру, түзету-тәрбие жұмысын жүйелі жүргізуді қалайды. Саусақ ойынын балабақшада және үй жағдайында әсерлі, көңілді түрде ұйымдастыруға болады. Баланың тілі негізінен мектепке дейінгі кезеңде қалыптасады. Бұл кезеңде ағзаның барлық бөліктері және жүйелері қарқынды дамып, баланың дене және ой дамуына қажетті қозғалыстағы таным іскерлігі қалыптасады. Мектепке дейінгі кезеңде қолдың ұсақ моторикасы мен қимыл-қозғалыстарын дамыту жұмыстары маңызды болып табылады.

Қол саусақтар жаттығулары есте сақтау және назар аудару қабілетін дамытады. Тақпақты саусақтар жаттығулары ырғаққа ілесіп қимылдауына және баланың сөйлеу ырғағының қалыптасуына көмектеседі. Сондықтан баланы ерте жастан бастап шынықтырған жөн. Саусақ ойындары сөйлеу лексикасының, сөздердің өзара байланысының (диалогты дұрыс жүргізуге, түсінік айтуға, т.б.) шындалуына себепші.

Балалардың сөйлеу құзыреттілігі дұрыс және сөздік қоры бай болса, оларға өз ойын жеткізу оңайға түседі, қоршаған ортаны танудағы мүмкіндіктері кеңейеді, психологиялық дамуында белсеніс күшейеді. Сондықтан баланың сөйлеу құзыреттілігін қалыптастыруды уақытылы қолға ала отырып, анық әрі дұрыс сөйлеуін қадағалау керек. Балалардың сөйлеу құзыреттілігінің дұрыс өз деңгейінде жетілуі, оның ата-аналарын да, тәрбиешілерін де толғандыру қажет.

Балалардың сөйлеу құзыреттілігі жоғары деңгейде қалыптасуы ұсақ моторика тәсілдері мен құрылымына байланысты. Саусақ бұлшықеттерінің дамуы тек сөйлеу аппаратының белсенділігіне ғана емес, сонымен қатар жазуға дайындығына, оқу процесіне, жалпы ақыл-ой дамуына ықпал етеді. Логопед маман ретінде үй жағдайында күнделікті қолдануға болатын тиімді, қызықты әрі пайдалы ойындар мен жаттығулар ұсынылады.

I. Саусақ гимнастикасы – тіл дамуының негізі

Саусақ гимнастикасы – сөйлеу орталықтарының жұмысын белсендіретін ең қарапайым әрі пайдалы әдіс. Әр саусаққа жеке-жеке әсер ететін қимылдар миға қосымша импульс береді.

Ұсынылатын жаттығулар:

1. «Қоян» – сұқ саусақ пен ортаңғы саусақты көтеріп, қалғандарын бүту.

2. «**Көбелек**» – екі алақанды түйістіріп, саусақтарды қимылдату.

3. «**Санамақтар**» – әр саусаққа жеке-жеке ат қою, саусақтарды атап отырып бұғу.

4. «**Бұйрықпен қимыл**» – ата-ана «бүкте», «соз», «айналдыр» деп айтады, бала орындап шығады.

II. Ермек сазбен, пластилинмен және қамырмен ойындар

- Шағын шарлар домалату
- Жіп жасап созу
- Үй, торт, жануар мүсіндеу

Пайдасы: саусақтардың күшін, ептілігін арттырады.

III. Ұсақ заттарды сұрыптау

«Сұрыптау» ойыны

Балаға түрлі ұсақ заттар беріңіз:

- түйме
- фасоль
- моншак
- қақпақшалар

Тапсырма: түстеріне, көлеміне, пішініне қарай сұрыптау.

IV. Қыстырғышпен ойындар

Киім қыстырғыштарын қолдану:

- Табаға/қағазға қыстырғыштарды қыстыру
- «Күн» жасап, шеттеріне қыстырғыш орналастыру
- Түрлі түсті қыстырғыштарды үлгі бойынша орналастыру

Пайдасы: бас бармақ пен сұқ саусақ бұлшықеттері нығаяды.

V. Жіп өткізу және моншак тізу

- Мақта арасына жіпті өткізу
- Моншак тізу
- Үлкен тесіктері бар картондарға жіп өткізу

Пайдасы: көз–қол координациясы дамиды.

VI. Қайшымен кесу және жапсыру

Қайшымен:

- сызық бойымен кесу
- шаршы, үшбұрыш, жолақ жасау

Жапсыру:

- дайын фигураларды қағазға жабыстыру
- аппликация жасау

Пайдасы: қолдың дәлдігін, күшін реттеуді үйретеді.

VII. Саусақ ойындары мен тақпақтар

«Қуырмаш», «Балапан», «Құмалақ», «Бес саусақ» сияқты ұлттық саусақ ойындары.

Әр қимылға сәйкес тақпақ айту — тілдің дамуына да әсер етеді.

